

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
М. Бөкенбаев атындағы Ақтобе заң институты

Ғылыми-әдістемелік кеңес отырысы
№ 10 хаттама

15 қазан 2025 жыл

Ақтобе қ.

Төраға: институт бастығының орынбасары полиция полковнигі А.Сахарбай.

Төраға орынбасары:

Хатшы (у.м.а.): ҒЗжРБЖҰ бөлімінің редакторы М.С.Нурмаганбетова

Қатысты: А.А.Алимпиев, Е.Т. Алдияров, А.Алмагамбетова Т.Бисенова, Д.А.Амангельдиев, Ш. Жайлаубаева, Л.А. Жубандыкова, Қ. Ерланұлы, А.Ф.Саттарова, Н.Т.Саханова, Е.Е.Туребеков, Н.И.Каирова, А.Мерғалиев, Б. Мухамедьярова, М. Найманбаев, Е.Е.Туребеков, А.А.Мерғалиев, В.Хасанова, А.А. Умурзакова, және т.б.

КҮН ТӘРТІБІ:

Өткізу уақыты: «15» сағ. «00» мин.

Өткізу орны: «Шаңырақ» конференц залы

1. Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің тапсырыстары бойынша орындалған зерттеу тақырыптарын талқылау:

1.1. «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың себептері мен салдары».

Жауапты: Л.А. Жубандыкова.

1.2 «Тұрмыстық зорлық-зомбылық істері бойынша құқық бұзушылардың жанжалды мінез-құлқын түзету бойынша психологиялық көмек»

Жауапты: Т.Бисенова, А.А. Умурзакова, А.А. Сагинтаева.

2. «Актуальные вопросы развития стрессоустойчивости и эмоционального интеллекта у курсантов органов внутренних дел в условиях интенсивной профессиональной подготовки» тақырыбындағы әдістемелік ұсынысының қолжазбасын талқылау. (орыс тілінде, зерттеу тақырыбы аясында).(п. 83.)

Жауаптылар: Т.Бисенова, А.А. Умурзакова, А.А. Сагинтаева.

3. «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдары курсанттарының күйзеліске төзімділігін және эмоционалды зияткерлігін дамытудың өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстел материалдарының жинағын талқылау.(п.109).

Жауаптылар: Т.Бисенова, А.Умурзакова, А.Сагинтаева.

4.«Криминальная среда и современные информационные технологии» оқу құралының қолжазбасын талқылау (п.75).

Жауаптылар: Е.Т. Алдияров, З.З. Нұрыш, Қ. Ерланұлы, Г.Н. Токпанбетова (РФ ІІМ Орал заң институтымен бірлесіп).

5. «Противодействие буллингу среди несовершеннолетних: национальный и зарубежный опыт (Ресей ІІМ Шығыс-Сібір институтымен бірлесіп). (п.57).

Жауапты: В.Хасанова.

6. «Криминалистика» оқу-көрнекілік құралының қолжазбасын талқылау (п.67).

Жауаптылар: Н.Т. Саханова, Б.М. Мухамедьярова, Р.Б. Молдыбаева, А.А. Длимов

7. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары тақырыбында оқу құралын талқылау (зерттеу тақырыбы аясында мемлекеттік тілде). (п.76).

Жауапты: Р.Н. Джигитова, А. С. Абилова А.С., Г.С. Кузекова

8. «Заң және тәртіп құқықтық мемлекеттік идеологиясының негізі ретінде: өзекті мәселелер мен даму перспективалары» РҒТК материалдарының жинағын талқылау.

Жауапты: А. Ибраева

9. «Дене дайындығы» оқу-тәжірибелік құралын (зерттеу тақырыбы аясында, мемлекеттік тілде) талқылау.(п. 89)

Жауаптылар: А. Мерғалиев., А. Қосмұратов

10. «Физическая подготовка» (орыс тілінде) оқу-тәжірибелік құралын талқылау.

Жауаптылар: Ж. Кайрбаев Ж., А. Сейтимова А., Н. Таласбаев (п.90).

11. «Профилактика бытового насилия» оқу құралының қолжазбасын талқылау

Жауапты: М.Ж. Найманбаев (п.97)

12. Диссертациялық зерттеу тақырыбы шеңберінде дайындалған әдістемелік ұсынымдардың қолжазбаларын талқылау

Жауаптылар: Магистрантар: Е.А. Ахбалин, М.А. Келимбердин, К.Д. Такетова, И.Т. Жабагинова, А.Ғ. Жұмагулов, А.Ж. Тасиминов, Ж. Копбай, Қ.Б. Мұсағали.

13. «Криминалист» ғылыми үйірмесі бойынша:

13.1. Арнайы әдебиеттің жаңа шығарылымдары бойынша ғылыми мақалалар, баяндамалар, рефераттар дайындау;

13.2. Тінту және алу тактикасы (ғылыми семинар)

13.3. Жыныстық зорлық-зомбылық қылмыстарын тергеу кезінде шұғыл тергеу әрекеттерін жүргізу (ғылыми семинар).

Жауапты: А.Длимов

14. «Заңгер» ғылыми үйірмесінің 2025 жылдың тамыз, қыркүйек, қазан айлары аралағында атқарған жұмысы туралы

Жауапты: С.Мендыбаева

15. «Жол қауіпсіздігі» ғылыми үйірмесі бойынша:

15.1. Тыңдаушыларды конференцияларға, байқауларға және басқа да ғылыми форумдар мен диалог алаңдарына қатысуға дайындау.

15.2. Жол-көлік апаты (дөңгелек үстел)

Жауапты: Қ.Ерланұлы

16. ҚҚЖКр кафедрасының «Фемида» үйірмесі бойынша:

- Киберкылмыс: ескерту және жазалау шаралары (дөңгелек үстел).

Жауапты: Д.Муканова

17. «Құқық қорғау органдарының жаңа болмыстағы заманауи қызметін жетілдіру» ХГТК өткізуге дайындық барысын талқылау (п.204).

Жауапты: А.А. Алимшиев

18.«Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы» оқу құралының қолжазбасын талқылау (п.66).

Жауаптылар: Н.Т. Саханова., Б. Мухамедьярова., Р.Б. Молдыбаева., А.А. Длимов., Д. М. Төлеубаев

19. Жас ғалымдар мен мамандардың жұмыс барысы туралы

Жауапты: Қ. Ерланұлы.

20. Ақтөбе заң институтының хабаршысы журналының редакциялық алқа және редакциялық кеңес тізімдерін талқылау.

20.1. Ақтөбе заң институтының хабаршысы журналына мақалалар жариялау талаптарын өзгерту сұрағын талқылау.

20.2. Ақтөбе заң институтының хабаршысы журналының мұқабасын жаңа дизайнға өзгерту сұрағын талқылау.

Жауапты: А.А. Алимшиев

Қосымша сұрақтар:

1. «Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлері бойында дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбындағы дөңгелек үстелге арналған материалдар жинағын талқылау.(п.108).

Жауапты: Н.И. Каирова.

2. «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың себептері мен салдарының өзекті мәселелері» ХГТК материалдар жинағын талқылау (п.110).

Жауаптылар: Л.А.Жубандыкова, В.В.Хасанова

3.«Атыс, арнайы-тактикалық және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының өзекті мәселелері» ХГТК материалдар жинағын талқылау (п.111).

Жауапты: Е.Е. Туребеков.

4. «1-курс магистранттарына жетекшілік ететін кандидаттардың тізімін және магистрлік диссертациялық жұмыстарының тақырыптарын талқылау.

Жауапты: Д. Амангельдиев

5. «Конституционное право» оқу-көрнекілік құралының қолжазбасын талқылау.

Жауапты: М. Елеусизова

6. «Қазақстан Республикасының отбасы құқығы» оқу құралының қолжазбасын талқылау.

Жауапты: Ш. Жайлаубаева

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші сұрақ (1.1-тармақ) бойынша Л.А. Жұбандыкова сөз сөйлеп, «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың себептері мен салдары» тақырыбындағы тапсырыспен орындалған ғылыми зерттеу жұмысы бойынша қорытынды есеп бойынша ақпарат берді. Зерттеу нәтижелерін оқып берді.

А. Сахарбай: «Қорытынды есепке қарағанда зерттеу аясында ауқымды жұмыс жүргізілген. Ұсыныстар мен ұсынымдардың бір бөлігі сіздің диссертациялық зерттеуіңізден алынған. Диссертацияңыз аясында

жарияланған еңбектеріңіздің даналарын есептің қосымшасына қосуды ұсынамын».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың себептері мен салдары» тақырыбындағы тапсырыспен орындалған ғылыми зерттеу жұмысы бойынша қорытынды есеп мақұлдансын және институттың Ғылыми кеңесінде талқылауға ұсынылсын.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ (1.2-тармақ) бойынша Т. Бисенова сөз сөйлеп, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық істері бойынша құқық бұзушылардың жанжалды мінез-құлқын түзету бойынша психологиялық көмек» тақырыбындағы тапсырыспен орындалған ғылыми зерттеу жұмысының қорытынды есебі бойынша ақпарат берді. Зерттеу нәтижелерін ұсынды.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық істері бойынша құқық бұзушылардың жанжалды мінез-құлқын түзету бойынша психологиялық көмек» тақырыбындағы тапсырыспен орындалған ғылыми зерттеу жұмысының қорытынды есебі мақұлдансын және институттың Ғылыми кеңесінде талқылауға ұсынылсын.

Екінші сұрақ бойынша А. Умурзакова сөз сөйлеп, «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдары курсанттарының күйзеліске төзімділігін және эмоционалды зияткерлігін дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбында дайындалған әдістемелік ұсынымдар туралы ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдары курсанттарының күйзеліске төзімділігін және эмоционалды зияткерлігін дамытудың өзекті мәселелері» әдістемелік ұсынымы Ғылыми кеңесте мақұлдау үшін ұсынылсын.

Үшінші сұрақ бойынша А. Умирзакова сөз сөйлеп, «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдары курсанттарының күйзеліске төзімділігін және эмоционалды зияткерлігін дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстелдің жинағы туралы ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Қарқынды кәсіби дайындық жағдайында ішкі істер органдары курсанттарының күйзеліске төзімділігін және эмоционалды зияткерлігін

дамытудың өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстел жинағы ұсынылған редакцияда мақұлдансын және Ғылыми кеңесінде талқылауға ұсынылсын.

Төртінші сұрақ бойынша Е. Алдияров сөз сөйлеп, институт қызметкерлерімен бірлесіп жүргізілген зерттеу аясында дайындалған «Криминалды орта және заманауи ақпараттық технологиялар» атты оқу құралының бөлімін таныстырды.

А. Сахарбай: «Сіздер дайындаған оқу құралы мақұлданады. Ғылыми кеңесте талқылаудан кейін материал Ресей ИМ Орлов институтына жолдануы тиіс».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Бірлескен зерттеу аясында дайындалған «Криминалды орта және заманауи ақпараттық технологиялар» атты оқу құралындағы «Ақпараттық соғыс және ақпараттық қаруға қарсы іс-қимыл» бөлімін мақұлдап, Ресей ИМ Орлов институтына жолдау және Ғылыми кеңесте қарауға ұсыну.

Жауапты: Е.Т. Алдияров

Бесінші сұрақ бойынша В. Хасанова сөз сөйлеп, Ресей ИМ Шығыс-Сібір институтымен бірлесіп дайындалған «Кәмелетке толмағандарға қатысты буллингке қарсы іс-қимыл: ұлттық және шетелдік тәжірибе» монографиясының 2-тарауын дайындау туралы ақпарат берді.

Жауапты: В. Хасанова

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. ӘКЖПО ӘҚ кафедрасының доценті В. Хасанова дайындаған «Кәмелетке толмағандарға қатысты буллингке қарсы іс-қимыл: ұлттық және шетелдік тәжірибе» монографиясының 2-тарауы мақұлданып, институт Ғылыми кеңесінің қарауына жіберілсін.

Алтыншы сұрақ бойынша Н. Саханова «Криминалистика» атты оқу-көрнекі құралын дайындау бойынша ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Н.Т. Саханова, Б.М. Мұхамедиярова, Р.Б. Молдыбаева, А.А. Длимов дайындаған «Криминалистика» атты оқу-көрнекі құралы мақұлдансын және институт Ғылыми кеңесінде талқылауға ұсынылсын.

Жетінші сұрақ бойынша А. Сахарбай: «Оқуға ұсынылған «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» тақырыбындағы оқу құралы қазан айындағы оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданбауына байланысты, қарастыру қараша айына шегерілді».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары» (п.76) тақырыбындағы оқу құралын қарастыру қараша айына ауыстырылсын.

Жауапты: Р.Н. Джигитова

Сегізінші сұрақ бойынша А. Сахарбай: «Заң және тәртіп құқықтық мемлекеттік идеологиясының негізі ретінде: өзекті мәселелер мен даму перспективалары» атты республикалық халықаралық-практикалық конференция жинағын талқылау ғылыми-әдістемелік кенестен кейін өткізілетіндіктен, қараша айына ауыстырылады».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Заң және тәртіп құқықтық мемлекеттік идеологиясының негізі ретінде: өзекті мәселелер мен даму перспективалары» атты конференция жинағын қарастыру қараша айына ауыстырылсын.

Жауапты: А. Ибраева

Тоғызыншы мен оныншы сұрақтар бойынша А. Мерғалиев «Дене дайындығы» және «Физическая подготовка» тақырыптарында дайындалған оқу-тәжірибелік құралдар бойынша ақпарат берді.

А. Сахарбай: «Менде келесі сұрақ бар. Бұл құралдардың тақырыптары өткен жылғы зерттеумен ұқсас. Қандай жаңашылдықтар мен өзгерістер енгізілді?»

А. Мерғалиев: «Бұл оқу құралдары осы күнтізбелік жылдағы зерттеу тақырыбы аясында дайындалды және оларда өткен жылғы зерттеу нәтижелерінде қамтылмаған жаңа мазмұн енгізілген».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Институттың дене шынықтыру даярлығы кафедрасының бастығы, полиция полковнигі А.А. Мерғалиев, кафедра доценті, полиция майоры А.Қ. Қосмұратов дайындаған мемлекеттік тілдегі «Дене дайындығы» (ҚБПУ) және кафедраның аға оқытушылары – полиция подполковниктері А.С. Сейтимова мен Ж.К. Қаирбаев, полиция майоры Н.А. Таласбаев дайындаған ресми тілдегі «Физическая подготовка» оқу-тәжірибелік құралдары мақұлданып және институт Ғылыми кеңесінде қарауға ұсынылсын.

Он бірінші сұрақ бойынша А. Сахарбай: «М. Найманбаев дайындаған «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбындағы оқу құралы қазан айындағы оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданып, қараша айына ауыстырылады».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» (п.97) тақырыбындағы оқу құралын қараша айына ауыстыру.

Жауапты: М. Найманбаев

Он екінші сұрақ бойынша Д.А. Амангельдиев 2-курс магистранттарының диссертациялық зерттеулері аясында дайындалған әдістемелік ұсынымдар туралы ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. 2-курс магистранттарының диссертациялық зерттеулері аясында дайындалған әдістемелік ұсынымдар мақұлданын және Ғылыми кеңес қарауына ұсынылсын.

Жауаптылар: Е.А. Ахбалин, М.А. Келімбердин, К.Д. Такетова, И.Т. Жабагинова, А.Ғ. Жұмағұлов, А.Ж. Тасиминов, Ж. Көпбай, Қ.Б. Мұсағали.

Он үшінші сұрақ бойынша А. Алимпиев «Криминалист» ғылыми үйірмесі аясында жоспарланған іс-шаралар туралы ақпарат берді:

- 13.1. Арнайы әдебиеттің жаңа шығарылымдары бойынша ғылыми мақалалар, баяндамалар, рефераттар дайындау;
- 13.2. Тінту және алу тактикасы (ғылыми семинар);
- 13.3. Жыныстық зорлық-зомбылық қылмыстарын тергеу кезіндегі шұғыл тергеу әрекеттері (ғылыми семинар).

А. Алимпиев: «Құрметті әріптестер, бұл іс-шаралар әлі орындалмады сатысында. А. Длимовтың рапортына сәйкес қараша айына ауыстырылады».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Криминалист» ғылыми үйірмесі аясында жоспарланған іс-шараларды қараша айындағы ғылыми-әдістемелік кеңес отырысында қарастыру.
3. А. Длимов шараларды мерзімге сәйкес орындамағаны үшін қатаң ескірітілсін.
4. А. Длимовқа аталған іс-шараларды ағымдағы жылдың 30 қазанына дейін орындау жүктелсін.

Жауапты: А. Длимов

Он төртінші сұрақ бойынша А. Алимпиев «Заңгер» ғылыми үйірмесінің 2025 жылдың тамыз, қыркүйек және қазан айларындағы қызметі туралы ақпарат берді.

А. Алимпиев: «Бұл мәселе институт бастығының ғылым жөніндегі орынбасарының қатысуымен алдын ала талқыланды. Ақпаратты кафедра оқытушысы С. Мендыбаеваның орнына мен ұсынамын».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «Заңгер» ғылыми үйірмесі шеңберіндегі жұмыстар толық көлемде орындалған деп танылсын.

Он бесінші сұрақ бойынша А. Алимпиев «Жол қауіпсіздігі» ғылыми үйірмесі аясындағы іс-шаралар туралы ақпарат берді:

15.1. Тыңдаушыларды конференцияларға, байқауларға және ғылыми форумдарға дайындау;

15.2. Жол-көлік оқиғасы (дөңгелек үстел)

А. Алимпиев: «Осы тармақтың орындаушысы Қ.Қ. Ерланұлы «Мобильді академия» жобасы аясында іссапарда болуына байланысты бұл сұрақтың қаралуы келесі, яғни қараша айындағы кеңеске ауыстырылады».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. «Жол қауіпсіздігі» ғылыми үйірмесі аясындағы іс-шараларды қараша айында қарастыру.

Жауапты: Қ. Ерланұлы

Он алтыншы сұрақ бойынша А. Алимпиев «Фемида» ғылыми үйірмесі аясында өткен «Киберкылмыс: ескерту және жазалау шаралары» тақырыбындағы дөңгелек үстел бойынша ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Іс-шара тиісті деңгейде өткізілді деп танылсын.

Он жетінші сұрақ бойынша А. Алимпиев «Құқық қорғау органдарының жаңа болмыстағы заманауи қызметін жетілдіру» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға дайындық барысы туралы ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.

2. Конференция қарсаңында институттың құрылымдық бөлімшелері арасында келесі міндеттер бөлінсін:

1. Конференция қатысушыларына шақыру және ақпараттық хаттарды жолдау.

Жауапты: Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімі (А. Алимпиев).

2. Конференция бағдарламасын әзірлеу және көбейту.

Жауапты: Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімі (А. Алимпиев).

3. Конференция бағдарламасын қалыптастыру үшін өтінімдер қабылдау және қатысушылармен байланыс жүргізу.

Жауапты: Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімі (А. Алимпиев).

4. Конференция материалдары жинағына арналған ғылыми мақалаларды қабылдау.

Жауапты: Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасы (Н. Саханова және кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамы).

5. Қатысушыларды қарсы алу және тіркеу.

Жауапты: 1 және 2 курс магистранттары, кәсіби даярлық факультетінің үйлестіруімен.

6. Пленарлық отырысқа арналған залды рәсімдеу және материалдық қамтамасыз ету (аты-жөн жазылған тақтайшалар, блокноттар, қаламдар, бейдждер).

Жауапты: Тактикалық-арнайы даярлық кафедрасы (Е. Туребеков және кафедра оқытушылары), Дене дайындығы кафедрасы (А. Мерғалиев және кафедра оқытушылары).

7. ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция ұйымдастыру.

Жауапты: Ақпараттық технологиялар және цифрлық оқыту бөлімі (С. Нұржанов).

8. Конференция нәтижелері бойынша мақалалар жинағын және ұсынымдар. әзірлеу.

Жауапты: Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасы (Н. Саханова және кафедра оқытушылары).

Он сегізінші сұрақ бойынша Н. Саханова «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы» атты оқу құралын дайындау туралы ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Н.Т. Саханова, Б. Мұхамедьярова, Р.Б. Молдыбаева, А.А. Длимов, Д.М. Төлеубаев дайындаған «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы» оқу құралы мақұлданын және Ғылыми кеңесте қарауға ұсынылсын.

Он тоғызыншы сұрақ бойынша Қ. Ерланұлы жас ғалымдар мен мамандардың жұмыс барысы туралы ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Жас ғалымдар әлеуетін тарта отырып әр дүйсенбі күні жасанды интеллект бойынша баяндамалар оқуды іске асыру.

Жиырманшы сұрақ бойынша А. Алимпиев Ақтөбе заң институтының хабаршысы журналының редакциялық алқа және кеңес тізімдеріне өзгерістер енгізу туралы ақпарат берді.

А. Сахарбай: «Құрметті ғылыми-әдістемелік кеңес мүшелері, журналымызға халықаралық ғылыми журнал мәртебесін беру үшін редакциялық кеңес құрамына рецензияланатын басылымдарда жарияланған еңбектері бар шетелдік ғалымдарды енгізу қажет. Осы мақсатта әріптес

шетелдік ЖОО-ларына хат жолданып, редакциялық кеңеске мүше болуға келісім алынды».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Ұсынылған редакциялық алқа және кеңес мүшелерінің тізімі мақұлданын және Ғылыми кеңесте қарауға ұсынылсын.

Жирмасыншы сұрақ (п. 20.1) бойынша А. Алимпиев «Хабаршы» журналының мақалаларды жариялау талаптарына енгізілген өзгерістер туралы ақпарат берді.

А. Сахарбай: «Құрметті әріптестер! Жаңа талаптар халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілген және SCOPUS, Web of Science секілді базалардың талаптарына ұқсас. Бір мақала көлемі 10 беттен аспауы тиіс. Бір шығарылымда 40 мақалаға дейін жарияланады. Себебі редакциялық кеңес мүшелерінің саны 20-дан аспайды. Әрбір мүше бір тоқсанда ең көбі 2 мақаланы қарау үшін жауапты болуы тиіс».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Мақалаларды жариялау талаптарына енгізілген өзгерістер мақұлданын.

Жиырмамыншы сұрақ (20.2) бойынша А. Алимпиев Ақтөбе заң институтының хабаршысы журналының мұқабасының жаңа дизайны туралы ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Хабаршы» журналының ұсынылған жаңа мұқаба дизайны мақұлданын.

Қосымша сұрақтар:

Бірінші қосымша сұрақ бойынша Н. Қайрова «Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлері бойында дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбындағы дөңгелек үстел материалдарының жинағы туралы ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. «Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлері бойында дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» тақырыбындағы дөңгелек үстел жинағы ұсынылған редакцияда мақұлданын.

Екінші қосымша сұрақ бойынша Л. Жұбандықова «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың себептері мен салдарының өзекті мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы туралы ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Аталған конференция жинағы ұсынылған редакцияда мақұлдансын және Ғылыми кеңесінде талқылауға ұсынылсын.

Үшінші қосымша сұрақ бойынша Е.Е. Туребеков «Атыс, арнайы-тактикалық және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы туралы ақпарат берді.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Жинақ ұсынылған редакцияда мақұлдансын және Ғылыми кеңесінде талқылауға ұсынылсын.

Төртінші қосымша сұрақ бойынша Д.Амангельдиев 1-курс магистранттарына бекітілген ғылыми жетекшілердің тізімі және магистрлік диссертация тақырыптары туралы ақпарат берді.

Магистрлік диссертация тақырыптарын бекіту және ғылыми жетекшілерді тағайындау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының (МЖМБС) талаптарына сәйкес Ғылыми кеңесте қаралуы тиіс.

Осыған байланысты 1 курс магистранттардың диссертация тақырыптары мен ғылыми жетекшілерінің кандидатураларын қарастыру мақсатында Ғылыми-әдістемелік кеңестің отырысына ұсыну үшін, аталған кандидатуралар мен тақырыптар тиісті кафедра отырыстарында алдын ала қаралып, кафедра хаттамаларынан үзінді көшірмелер қоса беріледі:

- полиция майоры Елдос Серикулы Муханбетжанов – «Жол қозғалысына қатысушылардың жеке қозғалыс құралдарын пайдалануына байланысты қазіргі заманғы проблемалар, және оларды жасанды интеллектілер арқылы шешу жолдары» ғылыми жетекші институт бастығының орынбасары, қауымдастырылған профессоры философия докторы (PhD), полиция полковнигі Арман Сахарбай, көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасына;

- полиция аға лейтенанты Жандос Тельманұлы Асанов – «Жасанды интеллектіні қылмыстық іс жүргізу барысында қолданудың маңыздылығы мен артықшылықтары» ғылыми жетекші Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы, заң ғылымдарының кандидаты полиция полковнигі Турдалы Жаксылыкович Каратаев, қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасына;

- полиция аға лейтенанты Айсат Маратович Кушенов - «Совершенствование профилактики подростковой преступности с использованием технологий искусственного интеллекта в Республике Казахстан» ғылыми жетекші қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты Фаиз Ғалымұлы Ғалым, әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасына;

- полиция аға лейтенанты Жансерік Маратұлы Тілеу - «ІО қызметіндегі жасанды интеллекттің мемлекеттегі заң мен тәртіп идеологиясын нығайтудағы рөлі: теориялық-құқықтық аспектілері» ғылыми жетекші жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі Айгуль Касымбековна Ибраева, жалпы заң пәндері кафедрасына;

- полиция аға лейтенанты Рақат Еркінұлы Мұхтаров - «Цифрлық дәуірдегі әкімшілік құқық бұзушылықтар: жасанды интеллекттің қауіп-қатері мен құқықтық реттелуі» ғылыми жетекші кәсіби даярлық факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Дархан Амангельдиевич Амангельдиев, әкімшілік құқық және ІО әкімшілік қызметі кафедрасына ұсынылады.

Ғылыми жетекші лауазымына ұсынылған кандидаттар мен магистрлік диссертация тақырыптарын Ғылыми кеңеске бекіту үшін жолдауды сұраймыз.

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Ғылыми жетекші лауазымына ұсынылған кандидаттар мен магистрлік диссертация тақырыптары Ғылыми кеңесте бекітілуге ұсыну үшін жіберілсін.

Бесінші қосымша сұрақ бойынша А. Алимпиев: «М. Елеусизова дайындаған «Конституциялық құқық» оқу-көрнекі құралы қазан айындағы оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданбағандықтан, қараша айына ауыстырылады».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. М. Елеусизова дайындаған «Конституциялық құқық» оқу-көрнекі құралын қараша айына ауыстыру.

Алтыншы қосымша сұрақ бойынша Ш. Жайлаубаева «Қазақстан Республикасының отбасы құқығы» атты оқу құралын дайындау туралы ақпарат берді.

А. Сахарбай: «Есеп үшін алғыс айтамын. Шара Теміржановна, назар аударыңыз, егер оқу құралы оқытудың әдістемесін жетілдірумен байланысты бастамашылық тақырып аясында дайындалған болса, онда еңбектің мазмұны сәйкес бөлім немесе параграфты қамтуы тиіс. Егер оқу құралы оқытуды жетілдіру аспектісін қамтымайтын болса, ол зерттеу тақырыбының нәтижесі ретінде есептелмейді. Жұмыс мәтініндегі кейбір техникалық және

грамматикалық қателерге қатысты менде ескертпелер бар, оларды үш күн ішінде түзету қажет.»


Ш. Жайлаубаева: «Қателер жақын арада түзетіледі».

ШЕШІМ:

1. Ақпарат назарға алынсын.
2. Ш. Жайлаубаева әзірлеген «Қазақстан Республикасының отбасы құқығы» оқу құралын түскен ескертулерді ескере отырып мақұлдап, оны Ғылыми кеңесте талқылауға ұсыну.

Төраға:



















Хатшы :



















А. Сахарбай

А. Алимпиев

Институттың Ғылыми-әдістемелік кеңесі отырысының № 10
хаттамасымен танысу парағы, 2025 ж. «15» 10

1.  Д.А. Амангельдиев
2.  А.Ф. Саттарова
3.  М.Ж. Найманбаев
4.  Н.А. Чупринюк
5.  Е.Т. Алдияров
6.  Н.Т. Саханова
7.  Л.А. Жубандыкова
8.  А.К.Ибраева
9.  Е.Е.Туребеков,
10.  А.А.Мергалиев
11.  Н.И.Каирова
12.  В.В.Хасанова
14.  Б. Мухамедьярова
14.  Ш. Жайлаубаева
15.  Т. Бисенова
16.  Қ. Ерланулы
17.  А. Алимпиев
18.  А. Умурзакова

Институттың 2025 жылғы 15 қазан өткен Ғылыми-әдістемелік кеңестің
оныншы отырысына қатысқандардың тіркеу парағы

1.  Д.А. Амангельдиев
2.  А.Ф. Саттарова
3.  М.Ж. Найманбаев
4.  Н.А. Чупринюк
5.  Е.Т. Алдияров
6.  Н.Т. Саханова
7.  Л.А. Жубандыкова
8.  А.К.Ибраева
9.  Е.Е.Туребеков,
10.  А.А.Мергалиев
11.  Н.И.Каирова
12.  В.В.Хасанова
13.  Б. Мухамедьярова
14.  Ш. Жайлаубаева
15.  Т. Бисенова
16.  К. Ерланулы
17.  А. Алимпиев
18.  А. Умурзакова